

ОТБАСЫ СӨЗІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ

Тойбекова С.Р.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, аға оқытушы,
Нұр-Сұлтан қаласы

Toibiekova68@mail.ru

Түйіндеме

«Отбасы сөзінің семантикалық мағынасы» мақала сөз мәдениеті мен тіл мәдениетіне арналған. Мақалада сөзжасалым мәселесі сөз болады. Сонымен қатар, отбасы лексемінің шығуын тілге тиек ете отырып, осы лексемнің семантикалық мағынасы, яғни қалай шыққандығына жан-жақты талдау жасалады.

Түйінді сөздер: Отбасы, семантика, сөзжасалым, тіл, сөз.

СЕМАНТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ СЛОВА СЕМЬЯ

Тойбекова С.Р.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, старший преподаватель,
г. Нур-Султан

Toibiekova68@mail.ru

Аннотация

В статье «Семантическое значение слова «начало очага» относится к культуре слова и речи. Также затрагивается тема о словообразовании. Говоря о лексическом значении словосочетания «начало очага» и семантическом истоке слова, статья охватывает происхождение слова как «начало очага».

Ключевые слова: Начало очага, семантика, словообразование, язык, слово.

THE SEMANTIC MEANING OF FAMILY

Toybekova S.R.

Eurasian National University. L.N. Gumilyov, senior lecturer,
Nur-Sultan

Toibiekova68@mail.ru

Abstract

In the article “Semantic meaning of word “firing start” belongs to the culture of word and speech. Also it is about word – building speaking about lexical meaning of word “firing start” and about semantic source of the word, the article includes genesis of the word “firing start”

Key words: firing start, semantic, word -building, word, speech.

Тіл мәдениетін елдің бәрі біледі. Тіл мәдениетінің айқындаушысы – сөз. Ендеше тілдің іс жүзіндегі көрінісі – сөз, яғни тілдің материалдық көрінісі – сөз. Қазақта тіл мен сөзді айырып айтады. Тілжасалым деп айтпайды, сөзжасалым деп айтады. Кез келген тілдің лексикасын осы сөзжасалым байытады. Қазақ тілі заман ағымына қарай икемделіп жатыр. Бір сөзін жоғалтып, бір сөзін тауып дегендейін, өйткені тіл де қоғамнан тыс тұра алмайды. Оны тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда айқын сезініп отырмыз. Ауызекі сөзіміз жазба тілден алшақтана бастады. Өз тілімізді өзіміз

сөздікпен оқитын дәрежеге келдік. Өйткені елдің бәрі сөзжасалым жарысына түсті, қалам ұстағанның бәрі термин атаулыға балама іздеді, жоқ болса қолдан жасады. Сорақысы сол, мұндай сөздердің тұтастай қатары пайда болды, қолданыста да дуплет күйінде жүр. Сондай сөздің қатарына – отбасы лексемі жатады.

Сонымен дау-дамайға түсіп тұрған сөздің бірі – семья лексемі. Шамамен ол қазақ тілінің лексемі ретінде жетпіс жылдай өмір сүрді. Әлі де қолданыстан түспей келеді. Әсіресе, ауызекі тілде. Сол кеңестік заманның өзінде де отбасы сөзі семья сөзімен қосамжарланып, қолданыстан біржолата шыға қойған жоқ. Әсіресе, көркем әдебиетте.

Поэтикалық жанұя сөзі ақындар шығармаларымен келді десек қателесе қоймаспыз. Семантикалық жағынан да отбасы сөзінен алшақтап тұрған жоқ. Ал тәуелсіздік алғаннан бергі жылда мінгеспе сөздер көбейді. Отбасы, жанұя сөзімен қатар үйелмен сөзі кіріге бастады. Оны қойып отбасы сөзін еге сөзі ығыстыра бастады. Отбасы сөзінің орнына синонимдік сыңар бола алмайтын шаңырақ, түтін сөздерін қолдану жиілігі артты. Үйіші, үй сөздерін де отбасы сөзімен синонимдес етуге тырысып-ақ жатырмыз.

Жұбан ағамыз айтқандай мың өліп, мың тірілген халықпыз. Оның барлығына дәлел оның тілі, әлемдегі ең бай тіл осы тіл, оның тілдік қорында тоқсан мыңның үстінде лексем бар. Мұндай тілмен бірде бір ел мақтана алмайды. Семантикалық тұрғыда қазақ тілінің қатарында ұлы тілдерінің өзі жіп есе алмайды. Жапондар түстің қырық түрін айырады деп жер халқы таңдай қағады. Күні кеше ғана ортамызда жүрген атақты этнограф Жағда Бабалықұлы ағамыз қазақтың өтпелі түсінің өзін алпыстан асырады және әрқайсының меншікті атауы бар. Бір ғана қызыл түсті ғана алып көрелік. Өтпелі реңктері – қып-қызыл, алқызыл, қызғылт, қызғылтым, қызылша, қызылдық, алтайы, албыр. Енді осы түстерді реңкіне қарай жіліктеп көрелік. Бұл түстің ең солғыны – қызылдық, яғни қызылдың белгісі ғана бар, одан кейінгісі – албыр, яғни мұнда қызылдың белгісі көбірек, бетіне қызылы тепкен адамды албырап деп айтуымыз содан, одан кейінгісі – қызылша, яғни қызыл түсі таза айқын, одан кейінгісі – қызғылтым, яғни әлі қызғылт та емес, одан кейінгісі – қызғылт, бұл әлі қызыл емес, бірақ соған жақын, одан кейінгісі – алқызыл, бұл қанық бояулы қызыл түс, ал қызыл түстің қанығын қазақ қып-қызыл деген, құлпырып, өтпелі болып тұратын түрін – алтайы деген. Түлкінің қып-қызыл болып құлпырып тұратын түрін бабаларымыз алтайы деп шолағынан бір-ақ қайырған.

Отбасы сөзінде де осыншалық реңк бар.

Бабаларымыздың әу бастан Тәңірлік дінде болғаны белгілі. Мұсылмандыққа бет бұрған халқымыз әлі сол танымынан қайта алмай отыр. Бұл сүйекпен кететін наным. Ал бұл нанымның бастысы – от болатын. От деген сөз жарық деген сөз, Күн деген сөз. Сондықтан әркім отқа ұмтылған. Отқа ие болған адам ғана тұлға /личность/ ретінде қабылданған. Ал сол тұлғаңыз /еркек/ жалғыз өзі отқа ие бола алмайтын еді. Отты сөндірмеу үшін тағы біреу керек. Ол біреу, әрине, әйел. Әйел қашанда отты күзеткен. Осы оттан барып отбасы шыққан. Отбасының рұқсатынсыз ешкім отты ала алмаған. Үй иесін отағасы деп айтушылық осыдан қалған. Ал отанасы деп жүргеніміз өзіміздің тауып алған жапсырма сөзіміз. Тілмізге кірікпей жатқаны да содан.

От алған адамның алған шоғын сөндіріп алмайын деп асығыс жүретіні белгілі. От ала келдің бе деген сөз содан қалған. Отан от басынан басталады деп жатсақ осындай нақты деректі себептері бар. Отбасыда еркек отты табушы да, әйел отты күзетуші.

Біздің неке институтымыз осы – от/басы. От еркек пен әйелді табыстырған. Сөйтсе ғана өмір сүре алатын еді, сөйтсе ғана ұрпақты жалғастыра алатын еді. Сондықтан да ер мен әйел бір-бірінен ажырай алмаған. Біздің бабаларымыз ажырасу дегенді атымен білмеген. Ажырасуды күштеп енгізген кеңес өкіметі десек қателеспеймін. Әйтпесе аталарымыз әйел тастапты, әжелеріміз ажырасыпты дегенді бертінге дейін естімегеніміз аян.

Осының басты себебі – от культі.

Олай болса отбасы сөзінен біздің қашатындай жөніміз жоқ екен.

Жанұя сөзі бойынша да осыны айту керек. Ол отбасы деген сөздің орнынан гөрі үй сөзімен табиғаттас. Ендеше жанұя сөзі де отбасы сөзін алмастыра алмайды. Ал шаңырақ, түгін сөздерінің семантикалық мағынасы үй сөзінен онша алшақ кетпейді. Кейінде БАҚ беттерінен отқасы деген жаңа сөз оқыдық. Бақсақ бұл отанасының баламасы сынды сөз екен. Алайда оның ел құлағына сіңетініне күмәніміз бар. Өйткені тілдік негізі кемшін. Мықтаса бұл эмоциялық сөз қатарын ғана толықтырмақ.

Сонымен бастапқы әңгімемізге қайтып оралдық. Отбасы сөзі өзге сөздің баламасын бере алғанымен, басқа сөздер отбасы сөзіне балама бола алмайды. Олай болса отбасы сөзінен қазақ баласының қашатын жөні жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ырымбаева Н.А. Қыз бала тәрбиесінің өзектілігі, 531б., Тіл және руханият: өзекті мәселелер, Астана, 2010.
2. Қамаева С.А. Сөз түйіні – тәрбие толғамы, 392б., Тіл және руханият: өзекті мәселелер, Астана, 2010.